

## **ХХ ҒАСЫР БАСЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ ОҚУ ЖҮЙЕСІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖОЛЫНДАҒЫ АЛҒАШҚЫ ҚАДАМДАР**



**Магрипа ЖОЛСЕЙТОВА**

*Қ.А. Яссайи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті  
Қазақстан тарихы кафедрасының доценті, т.з.к., Түркістан қ.*

Бүгінгі таңда еліміздің тарихын тәуелсіздік талаптарына сәйкес, жаңа заман биғінде қайта қарастыру қажеттілігі туып отыр. Елбасымыз Н. Назарбаевтың: «Тарих – кім-кімнен де жоғары ұғым», деген ойын Мемлекеттік хатшы Марат Тәжін 5 маусымдағы кенейтілген мәжілісте: «Ұлттық тарих қоғамдық ғылымдардың арасында орталық буынға айналуға тиіс. Біз сапалық жаңа деңгейде Қазақстан тарихының ортақ тұжырымдамасын жасап шығаруымыз керек. Осы тұжырымдама бүкіләлемдік тарихпен тығыз байланыста болуға, Қазақстанның аса аукымды тарихи үдерістердегі, олардың өзара байланысы мен ғылыми кезеңдену жүйесіндегі орнын анық көрсетуге тиіс», деген ойларамымен жалғастырды.

Мемлекет хатшысының баяндамасында Қазақстанның XX ғасырдағы тарихы көп жағдайларда ұлттық пен тоталитарлық қақтығысының тарихы екендігі қадап көрсетілді. Отken дәуренді дәріптеудің қажеті жоқ. Баяғы бір тәртіпті аңсай бермей, жиырмасыншы ғасырдағы киыншылыққа толы тарих туралы ашық айту керек. Сол тәртіптің тұсында миллиондаған ата-бабаларымыздың қалай өмір сүргенін біз жақсы білеміз, – деп атап өтті [1].

Бірнеше ғасырға созылған отаршылдық езгіден құтылып, тәуелсіздікке қол жеткізген ұлттың өз мемлекетін құрып нығайтатын отпелі кезеңінде шынайы ұлттық тарихын танып білуге деген сұранысы құрт өсетіні тарихи занылышқ. Бұл қазіргі Қазақстан қоғамына да тән құбылыс.

XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасыр басына қарай Ресей империясының отар елдерінде әлеуметтік-экономикалық жағдай бұрынғыдан да күрделене түсті. Осы тарихи кезеңнің Түркістан халықтарының тағдырында ерекше орын алуды жаңа саяси-әлеуметтік күш – патша отарлау аппараты өзіне қызметке даярлаган ұлттық интеллигенцияның қалыптастып дамуымен байланысты еді. Тарих сахнасына көтерілген ұлттық интеллигенцияның көпшілігі өздері алған еуропалық білімді отаршылдыққа қарсы құралға айналдырыды.

Ә. Бекейханов, А. Байтұрсынов, Б. Сыртанов, Р. Сарсеков, М. Сералин, Б. Қаратасев, С. Лапин сияқты т.б. зиялдың қауым өкілдері халық ағарту мәселе-сіне ерекше ден койды.

Олар үкіметтің халық-ағарту саласы бойынша шығарылған кейір заңдық ережелердің мазмұнын жергілікті халықтың мұддесі тұрғысынан қарап, өз-дерінің ой-пікірлерін ашық түрде білдіре бастады. Бұл әсіресе Халық ағарту министрлігі 1906 жылы 31 наурызыда «Ресейдің шығыс және онтүстік шығыс болегіндегі тұз халықтарының бастауыш училищелері туралы ережені» бекіткенде анық көрінді. Халық арасына «31 наурыз ережесі» деген атпен әйгілі болған бұл ереже мұсылман халықтарының ана тілінде білім алудың барынша шектейтін. Сонымен бірге бұл ереже олардың жазу ісін орыс алфавитіне көшірудің заңды түрде бекітіп, барлық мұсылман оқу орындарын Халық ағарту министрлігінің қарамағына өткізетін. Ережеде «тұз халықтары училищелерінде алғашқы екі жылда ана тілінде, кейінгі жылдары орыс тілінде оқиды» – деп көрсетілген еді [2].

Міне, осы тұста Жетісу өңіріндегі мұсылман зияллылары 1906 жылы 16–21 тамыз аралығында Нижний Новгород қаласында өтіп жатқан жалпыресейлік мұсылман съезінде жеделхат жолдан «31 наурыз ережесін» жергілікті халық наразылық танытатындығын білдірді. Сонымен бірге съездің де мұсылман халықтарының мұддесін қорғауда әрекеттенуін сұраған еді [3]. Съезд делегаттары осында мазмұндағы халық етінішін ескере отырып, «31 наурыз ережесін» өзгертудің жолдарын қарастыру керек деген шешімге келді. Сейтіп съезге қатысушылар халық ағарту министрі атына өтініш хат жолдан, «31 наурыз ережесін» өзгертуді сұрайды. Онда: «Ішкі істер министрлінің рұқсатымен Нижний Новгород қаласында өткен Ресей мұсылмандары съезі империядағы барлық халыққа тегіс тендік негіздерін жариялаған 17 қазан манифесінің жүзеге асуын қуаттай отырып, «31 наурыз ережесінің» бұған қайшы келетінін мәлімдейді», – делініп, мұсылман жұртшылығына ана тілінде білім алударын қамтамасыз ету қажеттілігі айтылған еді [4].

XX ғасыр басындағы қазақ интеллигенциясы өзінің шығармашылық еңбегі арқылы халықтың тарихи зердесіне барлау жасай отырып, оның ұлттық сана-сезімін ояту, жігерін қайрау жолында аянбай тер төкті. Қазақ зияллыларының алдыңғы қатарлы өкілдері аймақтық баспасөз органдарын қалыптастырыды, елдегі әлеуметтік-экономикалық, қоғамдық-саяси және рухани-діни мәселе-лерді реформалау қажеттілігін күн тәртібіне койды.

Қазақ зияллылары жалпы демократиялық мәндегі ұлттық тән праволық, халық-ағарту ісін көтеру, отаршылардың жер мен суды тартып алудына наразылық білдіру сияқты қекейтесті мәселелерді өз шығармаларының өзекті тақырыптарына айналдырыды. Осында өмірлік сұраныстан туған және оған жауап берген санаулы дүниелердің бірі 1909 жылы Уфа қаласында жарық көрген, кешікпей әлденеше рет басылған М. Дулатовтың «Оян қазақ!» атты шағын көлемді өлеңдер жинағы еді.

М. Дулатовтың «Оян, қазағында» ғасыр басындағы Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық, қоғамдық-саяси өміріндегі өзгерістер, оқу-ағарту секілді

мәселелер көтерілді. Сонымен бірге қазақ жастарын оқып, білім алуға шақырды. «Оян, қазақ!» жарық көрісімен халықтың үлкен құрметіне ие болды. Сол үшін ол патша әкімшілігіне ұнамады, жасырын полиция органдарының бақылауында болды. 1910 жылы екінші басылып жарық көрген «Оян, қазақ!» көп кешікпей халық окуға тиісті емес зиянды шығармалар қатарына жатқызылып «тұтқынға» алынды. «Оян, қазақ!» осылай мемлекеттік құрылышқа қарсы жазылған зиянды шығарма ретінде «тұтқындалған» соң полиция департаментінің жергілікті жерлердегі жасырын белімдерінің қызметкерлері осы кітапты оқығандарды, оның идеяларын халық арасында насиҳаттағандарды бақылауға алды. Патша өкіметі тыңшылары бұл кітаптың Жетісу облысына Ахметкәрім Зейнуллиннің Верныйдағы кітап дүкені арқылы тарап жатқызын хабарлаған. Тыңшылардың мәліметтерінде Верныйда «Оян, қазақты!» оқып, ондағы өлеңдерді жаттап алғып халыққа таратушылардың қатарында Жетісудағы белгілі тілмәш Койсерке Тоқсанбаевтың, Қалмұхамед Қадырбаевтың, Мырзахан Төлебаевтың, Тұленбек Теміровтың және т.б. адамдардың есімдері аталады [5]. Міне, бұл айтылғандар «Оян, қазақты!» Жетісуға дейін жетіп, зиялды қауымдар арасында кең таралғанын анғартады.

ХХ ғасыр басындағы «Қазақ» газеті төнірегіне топтасқан ұлттық интеллигенция өзінің жігерлі қоғамдық еңбегімен қазақ елінің ұлттық санасының оянуына қызмет жасаумен бірге, халықтың прогресшіл демократиялық күштерінің ұлт тағдырына қатысты негізгі қоғамдық зәру мәселелерінің топтасуына да үлес қосты. Атап айтқанда «Қазақ» газетінің бар мүмкіншілігін агартушылық мақсатта кеңінен пайдаланады.

ХХ ғасырға сауатсыздықтан айырылмаған күйде жеткен елдердің бірі Ресей мен оның құрамындағы отар жерлері болатын. 1897 жылы өткен бүкілресейлік халық санагы империядағы тұрғындардың 21,1 проценті ғана сауатты екендігін көрсетеді. Ал шет аймақтардағы, отар өлкелердегі жағдай бұдан да соракы еді. Жетісу облысында санақтың көрсетуінше тұрғындардың 5 проценті ғана оқи білетіндер еken [6]. 1897 жылы санақ қорытындысы бойынша түркі халықтарының әр мыңынан 96 ерек пен 50 әйел оқи алатын күйде еken. Арада 10 жыл өткен соң Туркістан өлкесіндегі сауаттылық 0,4 процентке ғана артқан еken [7]. Егер ғасыр басындағы Ресейде 89 губерния мен облыс болса, сауаттылық деңгейі жағынан осылардың арасында Жетісу облысы 86-орында болған көрінеді [8]. Дегенмен, санақ кезінде мұсылмандық білім алғандар ескерілмей қалғандығын осы жерде айта кеткен жөн. Егер мұсылмандық білім алғандарды есепке алатын болсак Жетісу облысындағы 5 проценттік көрсеткіштен жоғарырақ болып шығады.

Мұсылмандық білім алғандардың өзін есепке алғанмен ХХ ғасыр басындағы Қазақстан сауатсыздық жайлаған өлке болатын. Мұның басты себебі, саяси қатынастар шенберінде жатты. Отарлаушы Ресей шет аймақтардың мәдени-рухани дамуын қамтамасыз етуге еш ынталы емес еді. Орталықтың басты мақсаты қазақ даласының байлығын сорған үстінен сора түсуге сайды. Бұл – бір. Екіншіден, ол Қазақстанға Шығыстағы саясатын жүзеге асыру үшін қажетті плацдарм ретінде ғана қарады. Мұның сыртында өз билігі өз

қолынан кеткен Қазақстанда сауатсыздықты жоятындағай ішкі мүмкіндіктер қалмаған еді. Бірнеше губернияларға, облыстарға бөлшектеніп кеткен орталық мемлекеттік құрылым болмағандықтан үйлесімді мәдени құрылыш қолға алынбады. Мәдени-агартушылық мәселелері аймақтық деңгейде ғана көтерілетін. Ал, оларды бір орталықтан талдау, баға беру, жергілікті ерекшеліктерге қарай сایкестендіру өлкे деңгейінде ешкімнің құзырына жатпады. Қазақстанның ұлттық мемлекеттік тұрғыдан бытыраңқылығы, отарлық статусы, тұрғылықты халықтың, яғни қазактардың саяси-әкімшілік қызметі болыс пен ауыл деңгейінде калуы сауатсыздықпен нақты әрі нысаналы айналысуға мұрша берmedі. Бұл кезде орталықта да, өлкеде де қара халықтың сауатын көтеруге мейлінше тіксіне қарайтын, оны зиянды іс ретінде түсінген мемлекет қайраткерлері, әртүрлі дәрежедегі басшылар жиі кездесіп жатты. Мемлекеттік саясат отар аймактардағы білім мен оку-агартуға, сауатсыздыққа қырын қарағандықтан басқаша болуы мүмкін де емес. Оқу-агарту ісі адамдардың жан-жақты же-тіліу үшін емес, отарлық саясатты бекітуге қажетті шарт ретінде қабылданды.

Оқу-агарту мақсатына бөлінген қаржының мардымсыз болуы өлкеде сауатсыздықтың артуына жол ашты. 1915 жылы Түркістан өлкесінің бюджеті 25 млн. сом болса, оның 575 мыңы ғана, яғни, 2–3 проценті оқу-агарту ісіне арналыпты. Бөлінген қаржы жан басына шаққанда 13–26 тыыннан ғана тиеді екен. Жалпы Қазақстан бойынша жұмысалған қаржы 1913 жылы бір адамға шаққанда 40 тыыннан аспаған.

Мектеп қажетіне мемлекет тарапынан бөлінетін қаржының мардымсыздығынан және алдағы уақытта да мардымсыз күйде қала беретінін түсінген қазақ зиялыштары ғасыр басында тығырықтан шығатын жол іздей бастады. Сөйтіп тығырықтан шығу жолының бірден-бір көзі «Халқым, елім» деген қазақ зиялыштары земство қаражатында деп тапты. 1864 жылдан бар земстволық басқару тәжірибесі Қазақстан секілді ұлттық шет аймактарға енгізілмеді. Себебі, патша әкіметіне мұндай отар аймактардан земстволық салық алып, оның пайдасын орыс жұрты үшін пайдалану тиімді болатын.

Қазақ зиялыштарының земстволық қаражаттың қазақ үшін қаншалықты маңызы бар екендерін тереңнен ойлағандығын А. Байтұрсыновтың 1913 жылғы Орынбор губерниясының земствосы ашылуына байланысты жазған «Земство» деп аталағын мақаласынан аңғаруға болады. Земствоның заманың жайсыз күйінде де пайдасы көп екендігін, өзге жүрттың земствоны не үшін сұрайтындығын түсіндіре келіп, автор: «Земствоға берген тыыннан жұрт сомдық пайда көреді. Земство жок жerde де земский сбор деген ақша алады, бірақ оның пайдасын ақша төлегендер көрмей, басқалар көреді... Жылған земский ақша оқимын деген қазақ баласына беріле ме? Қазақ баласы гимназияға оқыын десе, стипендия жоқ, учительский школда земский стипендияға қазақ баласы алынбай, Полтава губерниясынан келген орыс балалары алынаады – халық ақшасы далага кету деген осы болады. Қазақ ақшасы босқа кете-тін орын жалғыз осы деп айтып отырғаным жоқ, санаса, ұшы-киры жетіп болмас, мұны әшейін мысал үшін келтірдік, – дей келіп, – земство жайынан жазғандарға мақсат – қазаққа да ескерерлік жұмыс екендігін халықтың құла-ғына салмақ», – деп түйіндейді [9].

Ал белгілі қоғам қайраткері Ә. Бекейханов болса, өзінің «земский казак ақшасы» деген мәкаласында мемлекеттік думаның бір жылдық земстволық есеп – қисабы (сметасы) туралы жобасын талқыла сала отырып, Жетісу облысынан жыл сайын 454 мың 850 сом земство салығы ретінде жиналатындығын, оның 324 881 сомын қазақтар төлейтіндігін атап көрсеткен еді. Оның айтуыша сол тұста бір мектеп үшін бір мың сом жұмсалатын болса, бұл қаржыга каншама мектеп үйін тұрғызуға болатын еді [10].

Әрине земство қаржысын халықтың өзіне пайдалану үшін қазақ даласына земстволық басқару енгізілу керек еді. Қазақ даласына земстволық басқаруды қазақтар сонау 1905 жылдары-ақ сұраған еді [11]. Бірақ патша өкіметі қазақ жеріне земстволық басқаруды енгізуіді қаламады. Земстволық басқару қазақ жеріне Уақытша үкімет тұсында, оның 1917 жылы 20 шілдедегі жарлығынан кейін ғана барып енгізілген еді. Осылайша патша өкіметі тұсында земство қаржысын халық-ағарту ісіне пайдалануды көздеген қазақ зиялышарының әрекеті өз нәтижесін бере қоймаған еді.

Түптеп келгенде, қаржы тапшылығы оқу-ағарту ісін алға бастыруға үлкен кедергі туғызды. Қаржының жетіспеуінен оқу орындары қажет мөлшерде ашылмады, окулықтар мен оқу құралдары, мұғалімдер жетіспеді, балалар мектепке тартылмай қала берді, нәтижесінде сауатсызық мәселесі асқына түсті. Бірақ жекелеген қайраткерлер мен мамандардың құлышынысымен оқу-ағарту ісін дұрыс жолға қою мүмкін емес еді. Бұған мемлекет тарарапынан қыруар қаржы бөлінбей, окулықтар мен әдістемелік материалдарды шығаруда нақты шаралар қолданбай, қажетті мұғалімдерді даярламай, қыскасы – ұлттық мектептер жүйесін құруды мемлекеттік саясат дәрежесіне көтермей әлдегеге үміттену бекершілік болатын.

Қазақ зиялышарының ұлттық оқу жүйесін қалыптастыру жолындағы әрекетіне 1917 жылғы Ақпан революциясы зор ықпал жасады. «Қайтсек ел боламыз, жұрт боламыз» деген мазасыз ойларға шырмалған зиялыш қауым Ақпан төңкөрісі ала келген демократиялық өзгерістер лебімен қанаттанып, қазақ арасында мәдени-ағарту жұмысын жандандыра түсуге күш салады. Бұл жолда ұлт қамын жеген азаматтар ұлттық оқу-ағарту, мәдени, діни мәселелерін қолға алғып, оның талай жыл шешілмей жатқан түйіндерін тарқатуға тырысты. Бәрінен бүрін қазақ жерінде кенже қалып келе жатқан оқу жайын жолға қоюға зор талпыныс жасады.

Осы кезеңге байланысты М. Жұмабаев: «1917 жылғы үлкен толқын қалып отырган қазақ азаматтарын да ояты. Саясат һәм шаруашылық жағынан елінің қолын жеткіземін деп ұмтылған азамат қазақ мектебін де жана, жайлы, таза негізде құрмакшы болды. Қала сайын дерлік курстар ашылды. Көздерінде, көкіректерінде ұшқындары бар мұғалімдер шығарылды. Мектеп пен тірі дүние арасындағы қытай қорғанын бұзып, мектепті білім беріп, түрмиска даярлайтын, келешекте ел ісінің иесі болатын азаматтар шыгаратын жер жасауга бет алды», – деп жазған болатын [12].

1917 жылғы Ақпан революциясының нәтижесінде патша өкіметінің құлатылуын барлық қазақ облыстарындағы секілді Жетісу халықтары да зор қуа-

нышпен қарсы алды. Уақытша үкіметтің ұлттық мәселе бойынша қабылданған алғашқы актілерінің бірі 1917 жылы 20 наурызда Ресей азаматтарының құқындағы діни наным-сеніміне, ұлттына қарай шектеушілікті алып тастауды болды [13]. Ресей тарихында бірінші рет діни нанымдық, нәсілдік кемсітушілікті жойылды деп, ұлттар тенденгін қағаз жүзінде болса да жария еткен бұл акт бұрынғы бұратана атанған езгідегі елдердің орыстармен терезесін тен сезінуіне жол ашты. Көктен ізdegендепері жерден табылғандай болған халық Уақытша үкіметке барынша қолдау көрсетуге даяр екендіктерін танытып, ұлан-байтақ елдің түкпір-түкпірінен құттықтау жедел хаттар жібере бастайды.

Бұкіл елдегі өзгерістер Қазақстанға да жетті. «Заман өзгеріс заманы: есекінің қирап жоғалып, оның орнына жаңаңың орнап жаткан түрі. Қашаннан залымдық, құқықсыздық зарын тартып, құлдық кемшіліктің қамытын киіп келеген Ресей халықтары наурыз айынан бері бостандық шуағына шықты», – деп «Еірлік туы» газеті [14] көрсеткеніндей, қазақ халқы да өз тізгініне өзі ие боларлық, өз бетімен құн көрерлік халге жеткенін көрсетуге ұмтылды.

Осы тұста қазактың болашағы – жас ұрпақтың елінің қамын жейтін білімді де зиялды, әрі саяси сауатты болуы үшін ана тілінде оқытатын бастауыш, әрі орта мектептер, кәсіптік білім беретін оқу орындарын ашу қажеттігі нактылы түрде құн тәртібіне қойыла бастады.

1917 жылы Ақпан революциясынан кейін қоғамдық-саяси өмір барынша жандана тұсті. Оның жарқын көріністерінің бірі Қазақстан аумағында облыстық, уездік деңгейде қазақ съездерінің өткізіліп, қазақ халқы алдында тұрган келелі мәселелерді шешуге деген талпыныстың жасалуы еді. Мұндай съездердің барлығында дерлік жер, дін, мемлекеттік құрылымы секілді мәселелермен бірге халық-агарту ісін өркендету жайы да қарастырылады.

Халық-агарту ісінің жайы 1917 жылы 1–11 мамыр аралығында Мәскеуде өткен бұкілресейлік мұсылман съезінің құн тәртібіне де негізгі мәселенің бірі ретінде қойылған еді. Еділ бойы мен Қырымнан, Бұқара мен Хиуа хандықтарынан, Кавказ берін Сібірден, Түркістан өлкесі мен казақ даласынан 830-ға жуық делегаттың қатысуымен өткен бұл съезде Жетісу облысы өкілдері де бар еді.

Делегаттар қатарында X. Досмұхамедов, Ж. Досмұхамедов, М. Жұмабаев, А. Досжанова, К. Тоғысов, У. Танашев секілді қазақ зиялыштары болды. Жетісу облысының Пішпек уезінен X. Хасанов, Верный уезінен М. Ниязов делегат ретінде қатысып съезде халық-агарту мәселесі қаралғанда Жетісу облыстық казақ-қырғыз съезінің бұл мәселе бойынша қабылдаған шешімдерін алғартты [15].

Бұкілресейлік мұсылман съезі халық-агарту мәселесі бойынша қабылдаған шешімінде Қазақстан мен Түркістан өлкесінде қалыптасқан жағдайға көп коніл болді. Съезге Уақытша үкімет өкілі ретінде шет діндер Департаментінің комиссары С.А. Котляровский қатысып, баяндама жасады. Ол өз баяндамасында мұсылман халықтарына ескі өкімет тараپынан халық-агарту, дін саласында жасалған қысымшылықтарға тоқталып, ендігі жерде жаңа өкіметтің мұндай қысымшылықтарға жол бермейтіндігін мәлімдеді. Ол өзінің мұ-

сылман халықтарға қатысты зандар жобасын әзірлеп жатқандығын және оны әзірлеу барысында осы съездің шешімдерін басшылыққа алатындығы жөнінде делегаттарды хабардар етті [16].

Оку-агарту ісі бойынша съезд 23 тармақтан тұратын қарап қабылдады. Онда оку-агарту ісі әр ұлттың өз қоюнда болсын, мектептерде оку ана тілінде жүрсін, елдегі барлық мұсылман халықтары мектептерінде «ортак түркі тілі» оқытылсын, жалпыға бірдей оку міндегі және тегін болсын деген сиякты талап-тілектер айтылды. Сондай-ақ қаарда: 1917–1918 оку жылынан бастап ұлттық мектептердегі мұғалімдердің құқығы орыс мектептері мұғалімдерінің кімен теңестірілсін; ұлттық орта мектептерді аяқтағандарға орыс жоғарғы оку орындарына түсіне құқық берілсін; ұлттық оку-агарту ісі мемлекет тарапынан қаржыландырылсын; ұлттық мектептерді оқытушылармен қамтамасыз ету үшін мұғалімдер семинариясы ашылсын; орыс тілі мектептерінде жеке пән ретінде оқытылсын; Ресейдегі барлық ұлттардың мұғалімдері мен окуышылары тен құқықта болсын; олардың орыс тілі мектептерінде жеке пән ретінде оқытылсын; Ресейдегі барлық ұлттардың мұғалімдері мен окуышылары тен құқықта болсын; олардың ешкайсысына артықшылықта, кеншілік те жасалынбасын делініп көрсетіледі.

Осылайша бүкілресейлік мұсылман съезі Ресей империясы көлемінде ұлттық мектептер жүйесінің құрылуын жақтап, елде қалыптасқан саяси ахуал мұнды жүзеге асыруға толық мүмкіндік беріп, кең жол ашады еken деген сенімде болды. Съезд делегаттары ұлттық мектептер жүйесін қалыптастырып, дамытуда Ресейдің болашақтағы мемлекеттік құрылышының да ерекше рөл атқаратындығын да жақсы түсінді. Сондайтансъезд делегаттары Ресейдің федеративтік негіздегі демократиялық республика болуын жақтап, белгілі территориясы жоқ халықтарға ұлттық мәдени автономия берілсін, ал негізінен барлық мұсылман халықтары ұлттық-территориялық автономия алсын деген шешім қабылдады.

Бүкілресейлік мұсылман съезінің шешімдері шет аймақтарда зор қабылдаушылыққа ие болды. Мәселен, 1917 жылы 20–23 мамыр аралығында Ташкент қаласында өткен мұсылман мұғалімдері съезі бүкілресейлік мұсылман съезінің халық-агарту мәселесі бойынша қабылдаған шешімдерін талқыла салып, оны ұлттық мектептер жүйесін құруға кең жол ашатын шешім деп бағалады.

Съезге қатысқан мұсылман мұғалімдері оқыту ісі балалардың ана тілінде жүрү керектігін баса көрсөтті. Съезд шешімі бойынша мектептік білім беру жүйесі өзара тығыз сабактастық байланыс тағы үш сатыдан тұратын болды; Бастауыш мектепте білім алу алты жыл болып белгіленіп, онда тегін білім алу қажеттігі келісілді. Мектептер мемлекет, земстволық және қалалық өзін-өзі басқару үйымдары тарапынан қаржыландырылатындығы айтылып, бастауыш білім алу жалпыға бірдей және міндегі екендігі жарияланды.

Мұсылман мұғалімдері бастауыш мектептерде орыс тілін төртінші жылдан бастап жеке пән ретінде оқыту көрек деп шешті.

Съездің «мектептен тыс білім алу» деп аталағын қаарында кітапханалар, ересектерге арналған және көшпелі тұрмыс кешкен тұрғындарға деп жыл-

жымалы сауат ашу орындарын, халық арасында ғылыми-көпшілік лекциялар окуды үйимдастыру секілді т.б. іс-шараларды өткізу жайы айтылады. Бұдан басқа жер-жерде ұлттық музейлерді ашу қажеттігі, балалар бақшасы мен тәрбие үйлерін ашып, мектеп жасына дейінгі жергілікті ұлт балаларын окуға баулу керектігі де ескерілген болатын.

Өлкелік мұсылман мұғалімдері съезі ұлттық мектептер жүйесін қалыптастырып, ана тілінде оқытуды тез арада жүзеге асыруды жақтады. Ұлттық мектептердің оку бағдарламасына жалпы білім беретін пәндермен бірге ислам діні негіздері жеке пән ретінде енгізілетін болды. Съездің үйгарымы бойынша ұлттық мектеп жүйесін қалыптастыруда орыс-түземдік мектептер жойылып, олар ұлт мектептері болып қайта құрылатын болды.

Өлкеде кәсіптік білім беруді дамыту мақсатында мұсылман мұғалімдері съезі медициналық, ауылшаруашылық, сауда, колөнер оку орындарын ашу керектігін де назардан тыс қалдырымады. Ұлт мектептерін мамандармен қамтамасыз ету үшін съездің үйгарымы бойынша өлкеде ұлттық негізде құрылған мұғалімдер семинариясы мен курстары ашылуы тиіс болды. Мұғалімдер семинариясында оку төрт жыл, ал мұғалімдер курсында екі жыл болып белгіленеді [17].

Қазақ жеріндегі халық-ағарту ісінің дамуын қолға алуда ұлттық қоғамдық-саяси ұйым қазақ комитеттері белсенділік танытты. Қазақ комитеттері оку-ағарту саласындағы қызметі барысында 1917 жылы шілдеде өткізілген бірінші жалпықазақ съезінде қабылданған қаулыны басшылықта алып отырды. Онда: «Жалпы міндетті бастауыш оку, бастапқы екі жылда окуды ана тілінде жүргізу, мектеп кітаптарды болсын, өзге баспасөздер болсын – бәрі де «Қазақ» газеті емілесімен жазылсын», [18] – делінген еді.

«Қазақ әлеуметшілігінің өткенін жөндең түсініп, қазіргі халін анық көріп, кемісін болжай білу – көп қазакқа көз болған, мәдениет жолына көш басшы болған, молда оқып тәрбие алған, ордага кіріп жол салған оқыған қазақ зиялыштарының міндетті» [19] – деп Халел Досмұхамедов көрсеткенідей, ендігі шығар қазақ кітаптарының саны ғана емес, сапасы да назарға іліне бастады.

1917 жылы дүниеге келген ұлттық партия «Алаштың» бағдарламасы жобасындағы «ғылым-білім үйрену» деген арнайы тарауында: «Оку ордаларының есігі кімге да болса ашық һәм ақысыз болсын; жүртқа жалпы оку жайылсын. Бастауыш мектептерде ана тілінде оқысын; қазақ өз тілінде орта мектеп, университет ашсын; оку жолы өз алды автономия түрінде болсын; мұғалімдер-профессорлар, үкімет оку ісіне кіріспей, мұғалімдер мен профессорлар сайланып қойылсын; ел ішінде кітапханалар ашылсын», – деп жазылған болатын [20]. Халыққа түсінікті, әрі ел мұддесін сол кезде дөп баса білген «Алаш» партиясына халықтың үлкен қолдау көрсеткенін Құрылтай жиналысына сайлау нәтижесінде оған Жетісу облысы тұрғындарының 57,5 проценті, Семей облысы тұрғындарының 85,6 проценті, Торғай облысы тұрғындарының 75,3 проценті, Орал облысы тұрғындарының 75 проценті және Ақмола облысы тұрғындарының 69,4 проценті дауыс бергендігі байқатады [21].

Алайда, сол кезде қалыптасқан саяси ахуалдарға байланысты мұндай ұлттық негіздегі мектептерді ашу кең қанат жая алмады. Бұл ізгі ниетке жету

үшін алдымен қазақ жұртына егемендікке қол жеткізу, сейтіп мемлекеттік мәселеңін толық шешу қажет болатын. Ғасыр басындағы ұлт зиялышарының қаңактың жасөспірім балалары ана тілінде оқып, білікті де білімді маман болып шықса, соның нәтижесінде қазақ елі өркениетті жүрттармен теңессе деген асыл арманы енді ғана қанатын кең жая бастады.

Халқымыздың рухани көсемдері сол кезеңдегі ең көкейтесті мәселе – оқуагарту ісіне ерекше маңыз беріп, халықтың мемлекеттен тәуелсіз білім беру жүйесінің қалыптасуына қолдау көрсетіп, жана шырылыштанытты. Ұлыым-білім жаңалықтарын насиҳаттап, алғашқы қазақ ағартушыларының озық ойларын іс жүзіне асыру жолында комақты үлес қосты.

Тарих – жетістіктерімен ғана емес, қатал сабактарымен зерделеніп, үнемі жаңғырып отыруға тиісті кезеңдер мен дәуірлер тізбесі. Тарихи сананы қалыптастыратын да тарихтың өзі. Ұлттық тарихымыз – ұлттық мақтандышисты күштейтудің, отаншылдықты, елжандылықты арттырудың қуатты тетігі.

## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР МЕН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

1. «Ұлттық тарихты зерделеу туралы» ведомствоаралық жұмыс тобының кеңейтілген отырысы материалдары. 13 маусым, 2013 ж.
2. Правила о начальных училищах для инородцев, живущих в восточной и юго-восточной России, утвержденные министерством народного просвещения 31 марта 1906 года о дополненные в 1907 г. Спб., 1907, 3-б.
3. Политическая жизнь русских мусульман до Февральской революции. Оксфорд, 1985.
4. Вакыт. 1906, №92.
5. К. Нұрпейісов. Тұтқындалған «Оян қазақ» Алматыда // Қазақ әдебиеті, 1990, 16 қараша.
6. Богданов И.М. Грамотность и образование в дореволюционной России и СССР. Москва, 1963. 62-б.
7. Статическое сведения по начальному образованию в Российской империи. Вып. III. Опыт срав... 110-б.
8. Сембаев А.И. История развития советской школы в Казахстане. Алма-Ата, 1962. 25-б.
9. А. Байтұрсынов. Ақ жол. Алматы, 1991. 228-б.
10. Ә. Бекейхан. Таңдамалы. Алматы, 1995. 270-б.
11. Жиренчин К.А. Политическое развитие Казахстана в XIX–XX веков. Алматы, 1996. 330-б.
12. М. Жұмабаев. Шығармалары. Алматы, 1989. 314-б.
13. Вестник Временного правительства. 1917, №15.
14. Бірлік туы. 1917, №6.
15. С. Рұстемов. Бұқіллесейлік мұсылман съезі // Қазақ тарихы. 1997, №6. 42-б.
16. Новое время. 7 мая, 1917.
17. ӨРМММ 1044-к., 1-т, 5-іс, 260-п.
18. Қазақ. 1917, №238.
19. Х. Досмұхамедұлы. Аламан, Алматы, 1981. 151-б.
20. Қазақ. 1917, №251.
21. Спирин Л.М. Россия. 1917 год. Из истории борьбы политических партий. М., 1987. 308-б.